



ЕРЕЖЕ
«The Planet of Art»
ЮНЕСКО қарамағындағы Халықаралық Фестиваль
(ақпан – маусым, 2018 ж., Астана қ., Қазақстан)

2018 жылы «The Planet of Art» ЮНЕСКО қарамағындағы Халықаралық Фестивалінің қатысушыларын Қазақстан Республикасының бас қаласы — Астана қарсы алады. Фестивал Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеуге орай ұйымдастырылады.

«Әлем балалары бейнелейді» Халықаралық Фестивалі 1999 жылы ЮНЕСКО Бас Директорының ұсынуымен туындады және Қазақстандағы ЮНЕСКО Клубтарының қозғалысының бастамасы болды. Қазақстандық алғашқы альбом Елбасының алғысөзімен символикалық түрде ашылған болатын.

Қазақстан аймағында он жылдан астам уақыт сәтті жұмыс жасап келген жарыс, 2010 жылы өзінің географиялық таралымын ұлғайтып, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан елдерінің балаларына өз ойларын өнер арқылы бейнелеуге мүмкіндік берді. Соның арқасында іс-шара ЮНЕСКО-ның Орталық Азиядағы тұрақты программаларының қатарына енгізілді.

2016 жылы Азия-Тынық мұхиты деңгейіне көтеріліп, өз өрісін кеңейтті. Бұл қадамның нәтижесінде Бангладеш, Вьетнам, Үндістан, Қазақстан, Қытай, Корея, Қырғызстан, Моңғолия, Непал, Ресей, Тәжікстан, Тайланд, Түркіменстан, Өзбекстан, Жапония және басқа да елдердің дарынды жастары жобаға қатыса алатын болды.

Дарынды балалар мен жастарды одан да көп санын қамту үшін 2018 жылы жоба «Балалар Әлем ырғағында» атты Қазақстанның шығармашыл жастарының Фестивалімен біріктіріліп, «The Planet of Art» жаңа атауымен дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты.

Аталмыш жылы Фестиваль Қазақстан астанасы – Астананың 20 жылдық мерейтойын тойлауға арналған және Орталық Азия мен Азия – Тынық мұхиты аймағының көркемсурет және өнер мектептерін, бейнелеу өнері орталықтарын, серіктес ұйымдардың және ЮНЕСКО Клубтарының басын біріктіреді.

Фестиваль 2018 жылы «Астана – бейбітшілік қаласы» атты қорытынды альбомының жарық көруімен аталып өтеді. Жинақта жоба финалистерінің ең үздік жұмыстары жарияланады, ал конкурс жеңімпаздары еліміздің бас қаласында орын алатын іс-шараның шарықтау бөліміне шақырылады.

Мақсаты:

- Өскелең ұрпақты тәрбиелеу, мәдениетаралық диалог пен өзара түсіністікті алға жылжыту, сондай-ақ Орталық Азия елдері мен Азия-Тынық мұхит аймағы балаларының арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту.

Міндеттері:

- қатысушы мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту;
- дүниежүзілік қауымдастықтың жас азаматтарын интернационализм мен ұлтаралық өзара түсіністікке тәрбиелеудің жақсы дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;
- ұжымдар мен жеке орындаушылар арасындағы халықаралық шығармашылық қарым-қатынасты кеңейту және нығайту, әр елдің жастары мен халқының, балаларының өзара әрекет етуі және өзара өркендеуі, тәжірибемен бөлісу, кәсіби шеберліктерін арттыру;
- қатысушылардың ой-өрістерін кеңейту, өздерінің көркемдік қабілеттерін, дағдыларын, қиялдары мен даралығын көрсетуге мүмкіндік беру;
- қатысушыларды жаңа техникалармен, материалдармен, шығармашылықтың заманауи бағыттарымен таныстыру;
- тәжірибемен алмасу және кәсіби шеберліктерін арттыру;
- балалармен жұмысқа өнер, ғылым және мәдениеттің жетекші қайраткерлерін тарту.

Жобаны ұйымдастырушылар:

- Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының және Азия-Тынық мұхиты аймағының ЮНЕСКО Клубтары және Ассоциацияларының Федерациясының қолдауымен
- Қолдау көрсеткендер:**
- Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросы
 - ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Комиссиясы
 - Астана қ. Әкімдігі
 - Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі
 - Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт Министрлігі
 - Қазақстан Республикасы сыртқы істер Министрлігі

КЕЗЕҢДЕРІ:

- I КЕЗЕҢ:** Орталық Азия және Азия-Тынық мұхиты аймағында жұмыстар мен өтініштерді қабылдау (1 ақпан – 20 сәуір 2018 ж.)
- II КЕЗЕҢ:** Халықаралық іріктеу кезеңі (20 сәуір – 2 мамыр 2018 ж.)
- III КЕЗЕҢ:** «The Planet of Art» ЮНЕСКО қарамағындағы Халықаралық Фестивалі (маусым 2018 ж.)

I КЕЗЕҢ: Жұмыстар мен өтініштерді қабылдау

Өңірлік байқауды үйлестіру және өткізу:

Өңір	Үйлестіруші	Байланыс ақпараты
Қосалқы өңірлік үйлестірушілер		
Қазақстан Республикасы	Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы	050046 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы 159, тел.: +727 394 3232, +7 700 394 3232 kazfuca@gmail.com

Қырғызстан Республикасы	«БАЛАЖАН» эстетикалық тәрбиесінің Республикалық оқу-әдістемелік орталығы - Қырғызстандағы Тұңғыш ЮНЕСКО Клубы, Бішкек қ.	720021 Қырғызстан, Бішкек қ., Московский к-сі, 53 тел.: +996 312 38 32 60, факс: +996 312 48 64 75 e-mail: balajan@mail.ru o_dunganova@list.ru
Тәжікстан Республикасы	Аз ұлттар Альянсы — ЮНЕСКО Клубы, Душанбе қ.	734001, Тәжікстан Республикасы Душанбе қ., Рудаки даңғылы, 107 ("Кохи Вахдат" ГК ғимараты, 1 қабат, "Согласие" ОФ кеңсесі) тел: (+992 37) 221-76-88 жұмыс, 224-77-69, ұялы: (+992 93) 500-78-89, e-mail: kim@minority.tj , kimvikm@mail.ru
Ресей Федерациясы	ЮНЕСКО Клубтары, Ассоциациялары және орталықтарының Орал-Сібір аймағының Федерациясы	620075 Ресей, Екатеринбург қ., Толмачев көш., 11 Жұмыс: +7 343 376 42 00, 389 82 55 (56) unesco@unesco.ur.ru
Өзбекстан Республикасы	Өзбекстан бейнелей өнері галереясы, Ташкент	100078, Өзбекстан Республикасы, Ташкент, Буюк Турон көш., 2. Тел.: +998 (71) 233 56 74 +998 (71) 233 77 65
Түркіменстан	ЮНЕСКО жөніндегі Түркменстан Ұлттық Комиссиясының хатшылығы, Ашхабат	744000 Түркіменстан, Ашхабат, Битарап Туркменистан көш., 15 Тел: +993 (12) 35 53 67 kpoladov@yahoo.com
Азия-Тынық мұхит өңірінің елдері	Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациялары	

Байқаудың шарты:

- **Қатысушылар:** 3-17 жас аралығындағы балалар.
- **Техникасы:** еркін.
- **Өлшемдері:** еркін.
- **Тақырыбы:** «Астана – бейбітшілік қаласы»
- **Әр елден жіберілген жұмыстың көлемі:**
Жалпы саны: **200 жұмыс**, келесі санаттар бойынша:

3-6 жас – 40 жұмыс

7-8 жас – 40 жұмыс

8-9 жас – 40 жұмыс

10-13 жас – 40 жұмыс

14-17 жас – 40 жұмыс

- 2018 жылғы Фестивальдің бағыты мен Қазақстан астанасының 20-жылдығына арналған бірыңғай «Астана – бейбітшілік қаласы» альбомының жарық көруіне байланысты, аталмыш тақырыпта орындалған, Астананың тарихын, қазіргі кезеңін және болашақ дамуын сипаттайтын жұмыстар күтіледі.
- Қазақстан Республикасында жұмыстарды қабылдау 2018 жылдың 20 сәуіріне дейін жүргізіледі. Қатысушы мемлекеттерде жұмыстарды қабылдаудың соңғы уақытын Ұлттық Үйлестіруші белгілейді, ең бастысы – 20 сәуір күні жұмыстар Қазақстан Республикасындағы Ұйымдастырушылар Комитетінде болуы қажет.
- Әр жұмысқа ағылшын тіліне аударылған қатысу формасын (1 қосымша) бірге жіберу қажет. Қате толтырылған формалары бар жұмыстар конкурсқа жіберілмейді, жұмыстар кері қайтарылмайды.
- Фестивальге қатысу ақысыз негізде жүзеге асырылады.

Орындау техникасының санаттары:

- Графика;
- Кескіндеме;
- Мүсін;
- Декоративтік-қолданбалы өнер (көркемөнер керамикасы, ағашты, металды, былғарыны, батикті, түс кілемді көркемдеп өңдеу және т.б.);
- Ұлттық қолданбалы өнер (музыкалық аспаптар, тұрмыстық, тоқыма заттар және т.б.);
- Костюм, интерьер, ландшафт дизайны, сонымен қатар өнеркәсіптік, графикалық және компьютерлік дизайн;
- Көркем сурет (фото);
- 3D модельдеу (көшірмелері, коллекциялық даналары).

Ескерту: Егер жұмыс қандай да бір себептермен байқауды ұйымдастыру комитетіне финалға тасымалданбайтын болса (көлемінің, салмағының үлкен болуына немесе т.б.), онда оларды фотосуретке түсіріп және сандық көлемде жіберу қажет, фотосуреттегі нөмір берілген тізімге сәйкес қатысушы-автордың реттік нөмірімен сәйкес келуі тиіс. (фотосурет JPG форматта, фотосуреттің көлемі 2 МБ кем болмасын)

Жұмыстарды жіберу:

1. Іріктеп алынған жұмыстар 2018 жылғы 20 сәуірге дейін Фестивальді Ұйымдастыру комитетіне – Алматы қ. Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының Хатшылығына кез келген экспресс-поштамен (UPS, DHL, EMS, және т.б.) жіберілуі тиіс.
2. Ұйымдастыру комитетіне жіберілген жұмыстардың түпнұсқасы болуы тиіс, **паспартусыз**, алдыңғы бетінде таңбасыз, орамай, конвертке салынып жіберілуі қажет. **Бүлінген жұмыстарды қазылар алқасы бағаламайтын болады.**

3. Әрбір жұмыстың сыртқы жағының оң жақ төменгі бұрышына ағылшын тілінде аудармасы бар қатысушы формасын жабыстыру қажет (Қосымша 1).
4. Қатысушы формасымен қатар www.unescoclubs.kz сайтында жарияланған электронды форманы толтыру қажет.
5. Бандерольге салынуы тиіс:
 - балалардың жұмысы (өңірлік тур жеңімпаздары, шетелдік қатысушылардың 200 жұмысы);
 - ұлттық үйлестірушінің қолы қойылған, өңірлік тур комиссиясының хаттамасы.
5. Жіберілген жұмыстардың тізімін мына адрес бойынша электронды түрде жіберу қажет:
art.kazfuca@gmail.com
6. Жіберілген жұмыстарды әрі қарай толық пайдалану құқығы Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясы тұлғасында ұйымдастыру комитетіне беріледі.

Осы тармақтардың біреуін сақтамаған жағдайда жұмыс қарауға жіберілмейтін болады!

Жұмысты жіберу:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050046, Абай даңғылы, 159
«The Planet of Art» Халықаралық фестивалі» белгісімен.

Жіберілген жұмыстар қайтарылмайды!

II КЕЗЕҢ – Халықаралық іріктеу кезеңі

Нәтижелері:

- Жобаға қатысушылардың барлығы «Қатысушы сертификатын» алады.
- Жұмыстары альбомға кірген финалистер - «Финалист дипломы».
- Жеңімпаздар – «Жеңімпаз дипломын»
- Финалистердің жетекшілері – «Финалисті дайындағаны үшін сертификат»
- Өңірлік іріктеу турын ұйымдастырушылар - «Алғыс хат»
- Әр елден Фестиваль финалына 5 жеңімпаз қатысады (маусым, 2018 ж., Астана қ.)

Фестиваль соңында Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеуге арналған «Астана – бейбітшілік қаласы» арнайы альбом шығарылады.
(Маусым 2018 г.).

III КЕЗЕҢ: ЮНЕСКО қарамағындағы Халықаралық Фестивалі

Ұйымдастыру:

- Фестивальға қатысуға Ұйымдастыру Комитетінен фестивальға арнайы шақыру алған жеңімпаздар шақырылады.
- Фестиваль жұмысын тиімді қамтамасыз ету үшін балалар делегациясы топтарға біріктіріледі.
- Балаларға пайдалану үшін фирмалық атрибуттар (футболка және т.б.) беріледі. Жоба шеңберінде жалпы шараларды өткізгенде **форма киуге міндетті элемент болып табылады.**
- Фестивальға қатысушылармен, оларды алып жүзуші ұстаздарымен бірге үнемі ұйымдастыру комитетінің өкілі жұмыс істейді, ол оларға уақытша ұжымға бейімделулеріне ықпал етеді, Фестиваль бағдарламасы шараларына қатысуды үйлестіреді, балалардың белгіленген тәртіп пен ішкі тәртіп ережелерін сақтауларын қадағалайды.
- Ұйымдастыру комитетінің мүшелері әр ел өкілдерінен құрылған топтарда позитивтік психологиялық микроклимат құруға, өзара сыйластық пен өзара түсіністік жағдайын, конструктивтік қатынасты және ортақ қызығушылықтарын, балалардың жеке және коммуникативтік қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасауға көмектеседі.
- Балалардың денсаулық жағдайын алып жүруші ұстаздары және медицина бөлімінің мамандары қадағалайды.
- Жарысқа қатысу арқылы, қатысушы атамаш Ережеде көрсетілген талаптарды орындауға келісімін береді.
- Қатысушылар көрсеткен барлық жеке және басқа да ақпарат шынайы, нақты және шатасуға алып келмейтін болуы керек.
- Бұрыс немесе шатыстыратын ақпарат берген жағдайда Ұйымдастырушы жалпы іріктеуден өткізбеуге құқылы.
- Жарысқа қатысу арқылы қатысушы берілген ақпараттарды, сонымен қатар фото, бейне ақпараттарды БАҚ беттерінде жариялауға қарсы еместігін көрсетеді.

Фестиваль шеңберінде болады:

- Балалар мен педагогтар арасында тәжірибе алмасу;
- достық және мәдени кештер, флэш-мобтар мен қайырымдылық акциялары;
- бейнелеу өнері майталмандарының шеберлік-сыныптары;
- әр түрлі тақырыптар бойынша пікірталастар, тренингтер, шеберлік-сыныптар;
- мәдениет пен өнер саласы мамандарының шеберлік-сыныптары, дәрістері;
- финалистердің жұмыстарының қорытынды көрмесі;
- Фестиваль жеңімпаздарын салтанатты марапаттау;
- «Астана – бейбітшілік қаласы» альбомының тұсаукесері.

Басқа:

Осы хаттың мазмұнымен мұқият танысуларыңызды және жобаға қатысуларыңызды растауларыңызды және барлық шарттармен келісетіндіктеріңізді ұйымдастыру комитетіне телефон не хат бойынша хабарлауларыңызды сұраймыз.

Осы құжатта қарастырылмаған, қандай да бір маңызды сұрақтарды шешумен ұйымдастыру комитеті айналысады.

Байланыс:

ЮНЕСКО қарамағындағы Халықаралық Фестивалдің ұйымдастыру комитеті

Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы
 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050046, Абай даңғылы 159, тел:
 +7 (727) 394 32 32, +7 700 394 3232
www.kazfuca.kz, kazfuca@gmail.com



1	АТЫ: Name:	
2	ТЕГІ: Last Name:	
3	ЖЫНЫСЫ: Gender:	
4	ЖАСЫ: Age:	
5	ТУҒАН КҮНІ: Date of birth:	
6	ОРЫНДАУ ТЕХНИКАСЫ: Technique:	
7	ЖҰМЫС АТАУЫ: Name of the work:	
8	БАЙЛАНЫС (Е-МАИЛ, ТЕЛ.): Contacts:	
9	ОҚУ ОРНЫ, МЕКЕН-ЖАЙЫ: School, address	
10	ЖЕТЕКШІСІНІҢ АТЫ-ЖӨНІ Teacher's name:	